



Техникалық байқау операторларының тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 мамырдағы № 524 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 12 қазандағы № 821 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.10.2015 № 821 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 350 бұйрығын қараңыз.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 N 1003 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

«Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі Заңының 18-1-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Техникалық байқау операторларының тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 N 1003 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2 Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Қазақстан
Үкіметінің
2011 жылғы
№ 524
бекітілген

Қазақстан Республикасының
К.Мәсімов
Республикасы
17 мамырдағы
қаулысымен

Техникалық байқау операторларының тізілімін жүргізу қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 N 1003 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Техникалық байқау операторларының тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағида) «Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі Заңының 18-1-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және техникалық байқау операторларының тізілімін жүргізу тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 N 1003 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Техникалық байқау операторларының тізілімі (бұдан әрі – тізілім):

1) механикалық көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне міндетті техникалық байқау жүргізуді жүзеге асыратын техникалық байқау операторларының бірыңғай тізбесін жасау;

2) техникалық байқау операторларының механикалық көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне міндетті техникалық байқау жүргізу тәртібінің және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 N 1003 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Тізілім бірыңғай, мерзімдік нақтыланатын техникалық байқау операторларының және олар туралы барлық қажетті ақпараттық-анықтамалық сипаттағы мәліметтерді қамтитын тізбені білдіреді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 N 1003 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Тізілімде тіркеуді және оны жүргізуді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (бұдан әрі - уәкілетті орган) осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан

Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық көліктік бақылау органдары (бұдан әрі - көліктік бақылау органдары) ұсынған ақпарат негізінде жүзеге асырады.

2. Тізілімді жүргізудің тәртібі

5. Тізілімде тіркелу:

1) дара кәсіпкерлердің немесе заңды тұлғаның көліктік бақылау органдарына өзінің тіркелген орны бойынша осы Қағиданың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады;

2) көліктік бақылау органдарының Тізілімге енгізу немесе оған енгізуден бас тарту туралы шешімді қарауын, қабылдауын қамтиды.

6. Тізілімге енгізу үшін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтініш;

2) заңды тұлға үшін – заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың не куәліктің көшірмесі;

3) дара кәсіпкер үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың және дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

4) техникалық байқау операторының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу жүргізілгені туралы мөртабан қойылған, жылжымайтын мүлікке меншік немесе оны иелену және пайдалану құқығын растайтын құжаттардың нотариалды куәландырған көшірмелері;

5) сынақ жабдығын аттестаттау және өлшем құралдарын салыстырып тексеру сертификаттарының көшірмелері;

б) осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сынақ жабдықтары мен өлшеу құралдары туралы ақпарат.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 N 1003 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 21.05.2013 № 507 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Өтініш берушіге құжаттардың келіп түскен күні, құжаттарды қабылдаған маманның тегі, аты (әкесінің аты), Тізілімге енгізу үшін ұсынылған құжаттардың тізбесі көрсетілген қолхат беріледі.

8. Көліктік бақылау органдары өтінішті оған қоса беріліп отырған құжаттармен бірге ол берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 N 1003 (

алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

9. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 N 1003 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

10. Ұсынған мәліметтердің дұрыстығын тексеру қорытындысы бойынша көліктік бақылау органдары өтініш берушіні Тізілімге енгізу немесе Тізілімге енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

11. Тізілімге енгізу туралы шешім бұйрық нысанында ресімделеді. Тізілімге енгізгенде немесе тізілімге енгізуден бас тартқан кезде көліктік бақылау органдары өтініш берушіге осы Қағиданың 8-тармағында көрсетілген мерзімде тізілімге енгізу туралы жазбаша хабарламаны немесе жазбаша дәлелденген бас тартуды жібереді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 N 1003 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

12. Көліктік бақылау органдары тізілімге енгізу туралы бұйрық шыққан күннен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органға:

- 1) техникалық байқау операторының атауын;
- 2) техникалық байқау операторының мекенжайын және байланыс телефонын;
- 3) техникалық байқау орталығының мекенжайын және байланыс телефондарын;
- 4) техникалық байқаудың стационарлық желісінің орналасқан жерін;
- 5) техникалық байқаудың стационарлық және ұтқыр желілерінің үлгісін және санын;
- 6) техникалық байқау операторы қызметінің өңірін қамтитын ақпаратты ұсынады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 N 1003 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

13. Уәкілетті орган тоқсан сайын тізілімнің мерзімдік баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялануын жүзеге асырады және өзінің www.mtc.gov.kz ғаламтор-ресурсында орналастырады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 N 1003 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

14. Тізілімге енгізілген техникалық байқау операторы көліктік бақылау органдарына тізілімге енгізу кезінде ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың қандай да бір өзгерістері туралы осындай өзгерістер енгізілген күнінен бастап

бес жұмыс күні ішінде хабарлайды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 N 1003 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

15. Көліктік бақылау органдары тізілімге енгізу кезінде ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың қандай да бір өзгерістері туралы хабарламаны алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органға техникалық байқау операторының мәліметтері мен құжаттарының өзгерістері туралы ақпаратты ұ с ы н а д ы .

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 N 1003 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

16. Тізілімге енгізуден бас тарту үшін:

- 1) осы Қағиданың 6-тармағына сәйкес талап етілетін құжаттарды ұсынбау;
- 2) ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің дәйексіздігі;
- 3) осы Қағиданың 19-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша өтініш берілген күнге дейін алты ай ішінде Тізілімнен алып тастау негіз болып табылады.

17. Осы Қағидада көзделмеген негіздер бойынша Тізілімге енгізуден бас тарту туралы шешім шығаруға тыйым салынады.

18. Тізілімге енгізуден бас тартуға негіз болған себептерді жойғаннан кейін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға осы Қағиданың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсыну арқылы көліктік бақылау органдарына қайта жүгінеді.

19. Тізілімінен алып тастау үшін:

- 1) дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның техникалық байқау операторларының тізілімінен ерікті түрде алып тастау туралы өтініші;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер қызметінің тоқтатылуы, заңды тұлғаның таратылуы немесе қайта ұйымдастырылуы;
- 3) техникалық байқау операторларының тізіліміне енгізу кезінде көрінеу дәйексіз а қ п а р а т ұ с ы н у ;
- 4) механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу, жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсетулер бойынша көрсетілетін қызметтерді қоса атқару;
- 5) механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды жүзеге асыру саласында әкімшілік құқық бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасау негіз болып табылады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 N 1003 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

20. Техникалық байқау операторларының тізілімінен алып тастау туралы хабарлама көліктік бақылау органы тиісті шешім қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде дара кәсіпкерге немесе заңды тұлғаға жіберіледі.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 N 1003 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

21. Тізілімнен алып тастау техникалық байқау операторы қызметінің тоқтауына алып келеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 N 1003 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

22. Көліктік бақылау органдары Тізілімнен алып тастау туралы шешім қабылданғаннан күннен бастап бір жұмыс күні ішінде бұл туралы уәкілетті органға хабарлайды.

23. Дара кәсіпкер немесе заңды тұлға хабарламаны алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде көліктік бақылау органдарына қабылдау-тапсыру актісі бойынша мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлікті тіркеу журналы;
- 2) міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәліктердің бланкілері.

Техникалық байқау орталықтарының тізілімін жүргізу қағидасына 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 N 1003 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Техникалық байқау операторларының тізілімі

| Р/с № | Техникалық байқау операторының атауы | Техникалық байқау операторының мекен-жайы және байланыс телефоны | Техникалық байқаудың стационарлық желісінің орналасқан жері | Техникалық байқаудың стационарлық желісінің жұмыс істеу режимі | Техникалық байқаудың стационарлық желісінің типі және саны | Техникалық байқаудың ұтқыр желісінің типі және саны | Техникалық байқау операторлары қызметінің өңірі | Техникалық байқау оператор тізілімін енгізлет өзгерісте және толықты |
|-------|--------------------------------------|--|---|--|--|---|---|--|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

Техникалық байқау орталықтарының тізілімін жүргізу қағидасына 2-қосымша

Сынақ жабдықтары мен өлшем құралдары туралы ақпарат

1. Техникалық байқау орталығымен қолданылатын сынақ жабдықтары (бұдан әрі - СЖ)

| Анықталатын сипаттамалар (көрсеткіштер) | СЖ атауы, ТИП (маркасы), жасаушы зауытты және түгендеу нөмірлері | Негізгі техникалық сипаттамалары | Пайдалануға берілген жылы | СЖ аттестаттау жөніндегі құжаттың күні мен нөмірі, кезеңділігі |
|---|--|----------------------------------|---------------------------|--|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

2. Техникалық байқау орталығымен қолданылатын өлшем құралдары (бұдан әрі - ӨҚ)

| Анықталатын сипаттамалар (көрсеткіштер) | ӨҚ атауы, ТИП (маркасы), жасаушы зауыттың және түгендеу нөмірлері | Негізгі техникалық сипаттамалары | Пайдалануға берілген жылы | Тексеру немесе аттестаттау туралы сертификаттың (куәліктің) күні мен нөмірі, кезеңділігі |
|---|---|----------------------------------|---------------------------|--|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |